

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 371-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат):

1) 26 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «Еңбек шартын» деген сөздер «1. Еңбек шартын» деген сөздер мен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Адамға мемлекеттік қызметін тоқтатқаннан кейін бір жыл бойы коммерциялық ұйымға жұмысқа орналасуға, егер мемлекеттік функцияларды орындау кезеңінде аталған адам өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне орай осы коммерциялық ұйымның қызметін тексеру нысанында бақылауды тікелей жүзеге асырған болса не осы коммерциялық ұйымның қызметі өзінің құзыретіне сәйкес аталған адаммен байланысты болса, жол берілмейді.»;

2) 61-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) осы Кодекстің 26-бабының 2-тармағында аталған адаммен еңбек шарты жасалған;».

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғауды мемлекеттің қамтамасыз етуі;»;

2) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға үміткер адамдарға және мемлекеттік ұйымдарда, мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдарда басқару функцияларын орындауға үміткер адамдарға қойылатын арнайы талап»;

1-тармақтағы «не осындай міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген органдар мен ұйымдарда мемлекеттік лауазым атқаруға» деген сөздер «, мемлекеттік лауазымдарға орналасуға не мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайызды құрайтын ұйымдарда, сондай-ақ жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі (кемінде отыз бес пайызы) ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық компанияларға берілген ұйымдарда, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарында басқару функцияларын орындауға» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелі жоғары мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексерудің өздеріне қатысты қолданылу мүмкіндігі туралы өздеріне міндеттеме алады.

Мұндай лауазымдардың тізбесін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексеруді жүзеге асыру тетігін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

3) 10-баптың 1-тармағындағы «2) және 4) тармақшаларында» деген сөздер «2) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 1-тармағындағы «(осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдарды қоспағанда)» деген сөздер алып тасталсын;

5) 12-баптың 2-тармағында:
бірінші бөлігінде:

«1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1), 6), 7), 8), 10), 11), 12), 14) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға» деген сөздер «ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда – заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолдануға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 9), 13), 13-1) тармақшаларында аталған қандай да бір құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда

қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік функцияларды орындауын тоқтатуға әкеп соғады.»;

б) 13-баптың 3-тармағында:

бірінші бөліктегі «қызметін төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға» деген сөздер «қызметінен босатуға немесе мемлекеттік функцияларды орындауын тоқтатуға» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлік алып тасталсын;

7) 19-баптағы «жоюы мүмкін» деген сөздер «жояды» деген сөзбен ауыстырылсын.

3. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілік талаптары - мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуға үміткер азаматтарға кәсіптік даярлығының деңгейін, құзыреттілігін және нақты әкімшілік лауазымға сәйкес келуін айқындау мақсатында қойылатын талаптар;

2) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

3) лауазымдық өкілеттік – мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген құқықтар мен міндеттер;

4) мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты – мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын әкімшілік лауазымдар жиынтығының лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін сыныптамалық сипаттамасы;

5) мемлекеттік әкімшілік қызметші – мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда лауазымдық өкілеттіктерді тұрақты кәсіптік негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

6) мемлекеттік қызмет – мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы қызметі;

7) мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің

міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;

8) мемлекеттік лауазым – нормативтік құқықтық актілерде белгіленген лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер аясы жүктелген мемлекеттік органның құрылымдық бірлігі;

9) мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапты болатын мемлекеттік қызметші;

10) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделілігі мен оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіре алатын қайшылық туындайтын жағдай;

11) ротация – мемлекеттік саяси қызметшілерді мемлекеттік органдардың арасында, сондай-ақ мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің арасында лауазымдық ауыстыру.»;

2) 7-баптың 2-тармағының 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментін (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратын) басқаратын мемлекеттік саяси қызметші, оның орынбасарлары;»;

3) 9 - б а п т а :

1-тармақтың 12) тармақшасы алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

«үлгі», «тиісті мемлекеттік органның басшылары бекітетін» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қызметтік нұсқаулықтарды мемлекеттік органның басшысы бекітеді, ол осы өкілеттіктерді жауапты хатшыға, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына беруге құқылы.»;

4) 1 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі «осы адамдарға» деген сөздер «осы адамға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші сөйлемдермен толықтырылсын:

«Мемлекеттік қызметші мүлікті сенімгерлік басқару шартының нотариат куәландырған көшірмесін нотариат куәландырған күнінен бастап он күн мерзімде жұмыс орны бойынша кадр қызметіне береді. Мемлекеттік қызметшілердің мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»

4-тармақтың 7) тармақшасындағы «соттылығы бар адамдарды қабылдауға

болмайды.» деген сөздер «соттылығы бар;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау нысанасына арнайы тексеруден өтпеген адамдарды қабылдауға болмайды.»;

5-тармақ алып тасталсын;

5) 1 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшіге әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде немесе оның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған жағдайда, ауыстыру тәртібімен мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуына жол берілмейді.»;

3-тармақ «қоспағанда,» деген сөзден кейін «өз өкілеттігін кемінде алты ай орындаған» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 14-баптың 8-тармағындағы «Мемлекеттік органның басшысы» деген сөздер «Тағайындауға құқығы бар адам» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-баптың 2-тармағы «орган басшысының» деген сөздерден кейін «не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамның» деген сөздермен толықтырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

«18-2-бап. Мүдделер қақтығысы

1. Егер мүдделер қақтығысы бар болса, мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қызметші мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

3. Туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте мемлекеттік қызметші өзінің тікелей басшысына немесе мемлекеттік органның басшылығына бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Тікелей басшысы немесе мемлекеттік органның басшылығы мемлекеттік қызметшінің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде, мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға, оның і ш і н д е :

1) оған байланысты мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін атқаруды басқа адамға тапсыруға ;

2) мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметшінің келісімі бойынша оны басқа лауазымға ауыстыруға тиіс.

4. Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның

басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және оны реттеу бойынша шаралар қабылдамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.»;

9) 22-баптың 4-тармағы «мемлекеттік орган басшысының» деген сөздерден кейін «не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамның» деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 2 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1-1) тармақшадағы «бір жылға» деген сөздер «жыл сайын» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 7-4), 7-5) және 9-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-4) мемлекеттік қызметке кіру кезінде мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін көрінеу жалған құжаттар мен мәліметтерді беруі;

7-5) мемлекеттік лауазымға тағайындалу кезінде осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі ; » ;

«9-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексерудің теріс нәтижелері ; » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағының 3), 4), 5), 7), 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) тармақшаларына сәйкес жұмыстан босатылған адамдар теріс себептермен босатылған болып танылады.» ;

1 1) 2 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

«сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны,» деген сөздер «теріс себептермен жұмыстан босатуға әкеп соғатын тәртіптік теріс қылық жасаған адамдарды өз еркімен жұмыстан босатқаны, мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу бойынша шаралар қабылдамағаны,» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) қызметін төмендету ; » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазаның мынадай түрлері:

1) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;

2) лауазымын төмендету ;

3) атқаратын қызметінен босату қолданылады.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылады .

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік

лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде қолданылады.

Атқаратын қызметінен босату түріндегі тәртіптік жаза сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамада көзделген негіздер бойынша қолданылады.»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) нақ сол теріс қылық үшін қайтадан қолдануға болмайды;»;

1 2) 2 8 - 1 - б а п т а :

2-тармақтағы «үш айдан кешіктірілмей» деген сөздерден кейін «, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Мемлекеттік қызметшінің еңбекке уақытша қабілетсіздігіне, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылуына, демалыста, іссапарда болуына байланысты жұмыста болмаған уақытында бір жылдық және үш айлық тәртіптік жаза қолдану мерзімі еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрады.»;

13) 29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылуға тиіс, оған қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев